

Ұлытау ауданында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімінің 2021 жылғы 22 шілдедегі № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 шілдеде № 23752 болып тіркелді. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау ауданының әкімінің 2025 жылғы 28 сәуірдегі № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Ұлытау ауданының әкімінің 28.04.2025 № 2 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабының 2-тармағының 2-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Ұлытау ауданында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қарағанды облысының Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары М.С Оспанов тағайындалсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау ауданының әкімі

С. Медебаев